

## Зеленое модельді ауыл кітапханасы.

Зеленый ауылы – Зеленов ауданындағы әкімшілік округ орталығы, темір жол стансасы.

Зеленое ауылында кітапхана өткен ғасырдың 30 жылдары теміржол жанынан ашылған. Ұжымдастыру кезінен кейін кітапхана кеңшардың меншігіне беріледі.

Алғашқы кезде кітапханада бірнеше жүз кітап болған. Жылдан –жылға кітаптар алынып, кітап қоры көбейе түседі. 1960 жылдары кітапхана Советская көшесіндегі тұрғын үйге көшеді. Ол кезде кітапханашы болып Годунова Валентина Федоровна істеген. Ол техникум бітіріп жолдамамен ауылға кітапханашы болып келген, бірақ үш жыл істеп Годунова кетіп қалады. Ол жылдары кітапхана қоры 3 мың кітапқа жеткен. 1970 жылдары кітапхана Чапаев көшесіндегі тұрғын үйге, 1972 жылдың аяғында Малин көшесінде орналасқан колхоздың кеңсесіне көшірілген, бірақ бұл ғимарат киім тігу шеберханасына керек болып, кітапханаға тек бір бөлмесі ғана берілген.



1973-1975 жылдары кітапханашы болып Соколенко Валентина Федоровна істеген, ол кезде кітапхананың қорында 8 мың дана кітап болды.

1975 жылы кітапханаға клубтың екінші қабатынан бір бөлме беріледі. Ол жылдары кітапханашы болып Мусағалиева Венера Сергеевна істеді, кітапхана қоры 12600 дана кітапты құраған. В.С.Мусағалиева 9 жыл жұмыс істеді, сол кезде кітапхана қорына 2400 дана кітап қосылды. Н.Корсунов, Т. Азовскаялармен кездесулер өткізілді. Кітапхана жанынан клубы қызмет атқарған. Оның тілі пәні мұғалімі Зұлқарнаева

«Хозяюшка» атты әуесқойлар жетекшісі болған мектептің қазақ Нұрсұлу Зұлқарнайқызы.

1987 жылы кітапхананы оқырмандар кітапханасы деп екіге кітапханасына бұрынғы Малин шеберханасының бір бөлмесі Е.Павлович істеген. Бірақ 1990 қосылды.

1984 жылы кітапханашы болып істеді. Ол ауыл тұрғындарымен мәдени-көпшілік шаралар өткізіп көшкеннен кейін кітапханашы болып Байгереева Сания Гарифовна істеді.

1990-2006 жылдары клубта жылу болған жоқ. 1998 жылы кітапханашы болып В.Сигунова істеді, кітап қоры 16000 данаға жетті. В.Сигуновадан Н.Ю.Тастілеуова алды. Тастілеуованың Оралға көшуіне байланысты 2002 жылы кітапхананы Крапивина Елена Михайловна қабылдап алды. Ол кезде кітапхананың кітап қоры 18000 дана еді.

Крапивина Елена Михайловна 1989 жылы мәдени-ағарту училищесін бітіргеннен кейін, еңбек жолын Зеленое ауылындағы балалар кітапханасынан бастайды. Отбасы жағдайына байланысты 1990 жылы Орал қаласына көшіп кетіп, 12 жыл А.П. Гайдар атындағы ОБЖК атындағы кітапханада кітапханашы болып істеді. 1991-1995 жылдары Самарадағы мәдениет институтында оқып, жоғары кәсіби білім алады.

Зеленый ауылдық кітапханасында 2002 жылдан бері жұмыс жасап келеді.

Білімін жетілдіру үшін Өскемен қаласында өткен «MARK форматының жүйесі және құжаттарды пәндік өңдеу әдістемесі» тақырыбындағы курсқа қатысып, сертификат алды. 2003 жылы Зеленый ауылдық кітапханасында «Ауыл кітапханаларын дамытудың жаңа аспектісі» тақырыбында екі күндік облыстық зерделі кеңес өткізілді.

2005 жылы Зеленый ауылдық кітапханасының меңгерушісі Е.М.Крапивина Петропавл қаласында өткізілген «Мәдениетті атамұраны high-tech сақтаулы және бәріне жеткілікті -



жасөспірімдер және ересек бөлді. Жасөспірімдер көшесіндегі тігін берілді, онда Г.Гааль, Е.Шматко, жылдары екі кітапхана қайтадан

Кирпичева Татьяна Алексеевна етене араласып, әр түрлі тұрды. Т.А.Кирпичева Ресейге

электрондық кітапханасы» тақырыбында өткен республикалық конференцияға қатысты.



2002 жылдан бері кітапхана жанынан «Жас экологтар» үйірмесі жұмыс істейді. 2004 жылғы көкек айында А. П. Гайдар атындағы ОБЖК-дағы «Кітапхана – экологиялық мәдениеттің орталығы іспетті» тақырыбындағы семинарға қатысып, жүлделі 3-орынға ие болып, мақтау қағазымен марапаталды.

2004 жылы Зеленое ауылында «Ауыл кітапханасын дамытудың жаңа аспектісі» атты зональдық семинары өтті.

Онда мынадай көкейкесті тақырыптарға мән берілді.

- Қоғамның әлеуметтік – экономикалық және рухани жаңаруындағы ауыл кітапханасының алатын орны мен рөлі.
- Аймақтық кітапханалық саясат – кітапханалардың әлеуметтік мәртебесін көтерудің басты шарты.
- Ауыл кітапханасы қызметіндегі үлгілік қалыпты ұйымдастыру және енгізу.
- Ауыл кітапханаларының ақпараттық ресурстары.
- Ауыл тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсету үлгісі.

- Ауылдық кітапхананың кітап қорын дамытудың жаңа тенденциялары.

Семинардың аяғында: «Ауылдық кітапхана және мектеп бірлесе жұмыс жүргізу тәсілдері» атты Зелений ауылдық кітапханасында дискуссия өтті. Онда «Жас экологтар» клубы «Табиғаттың құпиясы тұңғыық» тақырыбында шара өткізді.

Зелений ауылдық кітапханасы ауылдық мектеппен, денсаулық сақтау қызметкерлерімен, ауылдық әкімшілікпен тығыз байланыс жүргізе отырып, әр түрлі мәдени - көпшілік шаралар ұйымдастыруды дәстүрге



айналдырған.

Кітапханада жаңа кітаптарды насихаттау жұмысы да жақсы жолға қойылған. «Жаңа кітап- әлемнің сыры» тақырыбымен тоқсан сайын бюллетень шығарып отырады.

Кітапханада жүйелілік, әріпнамалық каталогы, жүйелі мақалалар картотекасы, өлкетану картотекасы, өзекті тақырыптық картотекалар толықтырылып отырылады. Сонымен қатар, ақпараттар күні, мамандар күнін де уақытымен өткізіп отырады.

Е.М.Крапивина ауылдың барлық қоғамдық - көпшілік жұмыстарына белсене араласады. Жергілікті әкімшілік органдарымен ортақ тіл табыса біледі, 2009 жылы аудан бойынша «Үздік кітапханашы» номинациясына ие болды.



2010 жылы «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Ж.Молдағалиев атындағы ОҒӘК «Ел жадынан өшпейді Жұбан ақын» атты әдістемелік құралдар байқауын жариялады. Жұбан ақынның шығармашылығын әр қырынан танытатын тәрбиелік мәні зор, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде құрастырылған танымдық іс-шаралар сценарийлерінен тұратын Зеленое ауылдық кітапханасының «Мәңгілік қазақ, мәрт ақын» атты әдістемелік құралы облыс бойынша жүлделі үшінші орынға ие болды.



2012 жылдың 15 наурыз күні Зеленый ауылдық кітапханасына *модельді ауыл* кітапханасы мәртебесі берілді.

Модельді кітапхананың ашылу салтанатында облыстық мәдениет басқармасының бас маманы Қ.Қ.Боранбаеваға сөз берілді.



Облыстық мәдениет басқармасының бас маманы Қ.Қ.Боранбаева, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ш.Р. Айекешова кітапхананың лентасы қиылып, модельді кітапхананың төлқұжаты салтанатты түрде табыс етті.

«Модельді кітапхана-ақпарат айдынында» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында ауыл, кітапхана тарихы, бүгінгі күнгі келбеті туралы әңгімелей отырып, модельді кітапхана мүмкіншілігін пайдалану арқылы Зеленый ауылы туралы толық ақпаратты интернет арқылы толықтай танысуға болатындығы жөнінде айтылды.



2002 жылдан бүгінгі күнге дейін Крапивина Елена Михайловна кітапхана меңгерушісі болып келеді. 2016 жылдан бері кітапханашы қызметінде Қабдолова Тұрсынхан Сабырханқызы жұмыс істейді. 2020 жылы Зеленое модельді ауыл кітапхана меңгерушісі Елена Михайловна көп жылдық кітапханадағы еңбектері үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Қазақстандық Кітапханалық Одақтың «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталды.